Жобаның ақпараттық қамтуы аясында:

- 50-ден астам жарияланым әлеуметтік желілерде орналастырылды;
- БАҚ-та 4 мақала мен 10 жаңалық жарық көрді;
- Жергілікті телеарналарда және интернет-ресурстарда жобаның негізгі іс-шаралары туралы сюжеттер мен бейнематериалдар көрсетілді;
- 1 тікелей эфирдегі бейнеролик әлеуметтік желіге жүктелді;
- Қатысушылардың пікірлері мен нәтижелері жеке посттар жарияланды.

**Ақпараттық өнімдер**

- Ақпараттық флаерлер, баннерлер және постерлер дайындалды;
- Пресс-релиздер жергілікті және өңірлік БАҚ-та жарияланды;
- Контент-жоспар және жобалық дайджест әзірленіп, әлеуметтік желілерде тұрақты түрде іске асырылды.

**Қамтылу нәтижелері**

- Әлеуметтік желілер арқылы жарияланған материалдардың жиынтық қаралымы 10 000-нан астам аудиторияны қамтыды;
- Instagram желісіндегі танымал парақшаларда (аудиториясы 20 000-нан астам жазылушысы бар) жоба туралы кемінде 2 жарияланым жасалды;
- БАҚ пен әлеуметтік желілер арқылы қала тұрғындары мен жастардың кең тобы жоба туралы хабардар болды.

**Жобаның басталуын жариялау**

«Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік грантының ресми іске қосылуы 2025 жылғы 9 шілде күні жарияланды.

Ақпараттық хабарландырулар Instagram, Facebook және TikTok әлеуметтік желілерінде орналастырылды. Жарияланымда жоба мақсаты, бағыттары және жоспарланған іс-шаралар туралы қысқаша ақпарат беріліп, жастар мен қоғам өкілдерін белсенді қатысуға шақыру жүзеге асырылды.

Жобаның басталуы туралы посттар мен бейнематериалдар жалпы 200-ге жуық адам тарапынан қаралды және оң пікірлер мен қолдау білдірулер тіркелді.

Бұл кезең жобаға деген бастапқы қызығушылық пен ақпараттық резонансты арттыруға ықпал етті.

**Салауатты отбасылық қарым-қатынастарды насихаттау бойынша бейнероликтер дайындау (Тапсырыс берушімен алдын ала келісу)**

«Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік гранты аясында салауатты отбасылық қарым-қатынастарды насихаттауға арналған бейнероликтер дайындалды.

Бейнематериалдар Instagram, Facebook, TikTok және Telegram әлеуметтік желілері арқылы кеңінен таратылды. Бейнероликтердің негізгі мақсаты — балалармен дұрыс қарым-қатынас орнату мәдениетін қалыптастыру, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, және отбасындағы өзара сыйластық пен қолдау құндылықтарын ілгерілету болды.

Бейнероликтердің ұзақтығы 1,5 минуттан аспады, мазмұны көрерменге түсінікті, әсерлі және әлеуметтік бағытта дайындалды. Әр роликте өмірлік шынайы жағдайлар мен психологиялық тұрғыдан оң мінез-құлық үлгілері көрсетілді.

Бейнематериалдар әлеуметтік желілерде жарияланып, жоба аудиториясы арасында үлкен қызығушылық тудырды. Көрермендер пікірлерінде роликтердің тәрбиелік және әлеуметтік маңызын атап өтті.

Бұл жұмыс қоғамда зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыруға және ата-ана мен бала арасындағы жылы, сенімді қатынасты нығайтуға ықпал етті.

**Нәтижелер мен жетістіктер – жобаның қорытындысы туралы әлеуметтік желідегі жарияланым жасау**

«Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік гранты аясындағы қорытынды онлайн-жария презентация Facebook әлеуметтік желісіндегі тікелей эфир форматында өткізілді. Презентация барысында жоба нәтижелері, қол жеткізілген көрсеткіштер мен негізгі жетістіктер туралы жан-жақты ақпарат ұсынылды.

Шараның мақсаты – қоғамды жобаның нәтижелерімен таныстыру, жастар мен отбасылар арасында отбасы құндылықтарын нығайту бағытындағы жүйелі жұмыстың тиімділігін көрсету және көпшілікке оң тәжірибені тарату болды.

**Онлайн-презентация барысында келесі бағыттар қамтылды:**

- Жобаның негізгі мақсаттары мен міндеттерінің орындалуы;
- 2025 жылдың қыркүйек–қазан айларында өткізілген 12 семинар мен 3 дәрістің нәтижелері;
- «Жас отбасы мектебі», «Қауіпсіз отбасы – бақытты болашақ», «Саналы отбасы – берік қоғам» іс-шараларының әлеуметтік әсері;
- Психологиялық және құқықтық көмек бағытында алынған нақты нәтижелер;
- Жоба аясында қалыптасқан серіктестік байланыстар мен болашақ жоспарлар.

**Негізгі жетістіктер:**

- Отбасылық құндылықтарға деген жастардың көзқарасы айтарлықтай оң өзгерді;
- Психологиялық және құқықтық сауаттылық деңгейі артты;
- 20 отбасы жеке және топтық форматта кәсіби психологиялық көмек алды;
- 620 тұрғын қамтылған «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» акциясы кең қоғамдық резонанс тудырды;
- 10 жоғары және орта оқу орындарымен тұрақты әріптестік орнатылды.

| | |
|---|---|
| **Жобаның мақсаты:** | Тараз қаласында отбасылық құндылықтарды нығайту арқылы берік некені сақтауға, жастардың саналы түрде отбасы құруына жағдай жасауға, тұрмыстық зорлық- зомбылықтың алдын алуға және ата-ана жауапкершілігін арттыру арқылы қоғамда тұрақты әрі үйлесімді отбасы мәдениетін қалыптастыруға көмек беру |
| **Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:** | «Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік гранты аясындағы әлеуметтік жоба 2025 жылдың маусым-қараша айлары аралығында табысты жүзеге асырылды. Жоба аясында Тараз қаласында және өңірдегі жоғары оқу орындары мен колледждер базасында жастардың, студенттердің және жас отбасылардың арасында отбасылық құндылықтарды дәріптеу, жауапкершілік пен сыйластық мәдениетін қалыптастыру, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және психологиялық сауаттылықты арттыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілді.<br>Жоба өз бастауын 2025 жылғы 9 шілдеде алған болатын. Instagram, Facebook және TikTok әлеуметтік желілерінде жобаның мақсаттары мен міндеттері туралы ақпараттық жарияланымдар орналастырылып, жалпы 200-ге жуық адам қамтылды. Бұл кезең жобаға деген қоғамның бастапқы қызығушылығын арттырып, ақпараттық резонанс туғызды.<br>Жобаның негізгі бағыттарының бірі – «Саналы отбасы – берік қоғам» семинарлар топтамасы болды. 2025 жылдың қыркүйек–қазан |

айларында өткізілген 13 офлайн семинарға барлығы 626 адам қатысты. Семинарлар Тараз қаласындағы 10 колледж және 2 жоғары оқу орнының базасында өтті. Қатысушыларға отбасы құндылықтарының мәні, ұлттық дәстүрлердің тәрбиелік маңызы, ата-аналық жауапкершілік, эмоцияны басқару және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу тақырыптарында тәжірибелік және теориялық ақпарат ұсынылды. Семинарлар жастардың саналы түрде отбасы құруға деген көзқарасын қалыптастырып, өзара сыйластық пен түсіністік мәдениетін дамытуға айтарлықтай үлес қосты.

Сонымен қатар, «Қауіпсіз отбасы – бақытты болашақ» дәрістер топтамасы жүзеге асырылды. Бұл бағытта 3 офлайн дәріс өткізілді, жалпы 139 адам қамтылды. Дәрістер барысында жастарға отбасындағы қарым-қатынасты сауатты реттеу, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құқықтық және психологиялық салдары, сенім мен өзара құрмет мәдениетін қалыптастыру жолдары туралы мазмұнды ақпарат берілді. Қатысушылардың 80%-ы дәрістердің пайдалы болғанын атап өтті, ал жалпы аудиторияның 85%-ы жобаның маңыздылығын жоғары бағалады.

«Жас отбасы мектебі» ақпараттық курсы жастар арасында ерекше қызығушылық тудырды. Бұл бағытта 3 ақпараттық курс өткізіліп, барлығы 179 адам қамтылды. Курстарда жас отбасыларға арналған эмоцияны басқару, өзара түсіністік, сенімді қарым-қатынас орнату, некені сақтау және отбасылық жауапкершілік тақырыптары қамтылды. Курс барысында кәсіби психологтар мен әлеуметтік жұмысшылар практикалық жаттығулар мен интерактивті талқылаулар жүргізді. Қатысушылардың 90%-ы курстың пайдалы болғанын және отбасылық өмірге көзқарасының өзгергенін атап өтті.

Жобаның тағы бір маңызды бағыты — «Отбасылық кеңес: жан тыныштығы үшін» консультациялық-психологиялық көмек қызметі. Маусым мен қыркүйек айлары аралығында 20 отбасы жеке және топтық форматта кәсіби психологтар мен заңгерлерден тегін кеңес алды. Консультациялар барысында қатысушыларға жанжалдарды шешу, эмоциялық күйзелісті жеңу, отбасылық сенімді қалпына келтіру, қаржылық сауаттылық және заңдық мәселелер бойынша көмек көрсетілді. Психологтар мен заңгерлердің қолдауымен бірнеше отбасы ажырасу процесін бейбіт жолмен шешіп, өзара түсіністік орнатуға қол жеткізді. Бұл бағыт жоба шеңберінде нақты әлеуметтік нәтижеге жеткен маңызды бастама болды.

Жоба аясында тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» атты ақпараттық акция өткізілді. 2025 жылдың 17–23 маусым аралығында ұйымдастырылған акция барысында қала тұрғындары көп шоғырланатын орындарда 620 парақша таратылып, 620-дан астам адам қамтылды. Таратылған материалдар қазақ және орыс тілдерінде әзірленіп, қоғамда зорлық-зомбылыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталды.

Жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында «Қаржылық тәуелсіздікке жету жолдары» атты тренинг пен «Отбасы банк» мамандарының қатысуымен дәрістер ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар жастардың қаржыны жоспарлау, жинақтау және басқару дағдыларын жетілдіруге ықпал етті. Тест нәтижелері бойынша қатысушылардың 53,3%-ы қаржылық сауаттылықты ақша табу қабілетімен байланыстырса, 26,7%-ы – оны тиімді басқару мен жоспарлау қабілеті ретінде түсіндірген.

Жоба аясындағы барлық іс-шаралардан кейін қатысушылардың қанағаттану деңгейін бағалау мақсатында онлайн сауалнама жүргізілді. 606 адам қатысқан сауалнама нәтижелері бойынша қатысушылардың 95,9%-ы іс-шараларға қанағаттанғанын, 97%-ы ұсынылған ақпараттың пайдалы болғанын, ал 97,4%-ы спикерлердің кәсібилігін жоғары бағалаған. Респонденттердің басым бөлігі мұндай іс-шаралардың тұрақты түрде ұйымдастырылуын қолдайтындықтарын білдірді.

Жобаның ақпараттық сүйемелдеу жұмыстары кешенді түрде ұйымдастырылды. Instagram, Facebook, TikTok және Telegram әлеуметтік желілерінде 50-ден астам жарияланым орналастырылды, жергілікті телеарналар мен интернет-басылымдарда 4 мақала мен 10 жаңалық жарық көрді. Ақпараттық материалдардың жиынтық қаралымы 10 000-нан астам аудиторияны қамтыды.

Жоба нәтижесінде салауатты отбасылық қарым-қатынасты насихаттауға арналған бейнероликтердайындалып, әлеуметтік желілерде кеңінен таратылды. Бейнероликтердің басты мақсаты – балалармен дұрыс қарым-қатынас орнату, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және сыйластық мәдениетін ілгерілету болды. Көрермендер роликтердің тәрбиелік және әлеуметтік

| | |
|---|---|
| | маңызын жоғары бағалап, олардың қоғамда оң көзқарас қалыптастыруға ықпал еткенін атап өтті.<br>Жалпы алғанда, жоба аясында 10 жоғары және орта оқу орнымен тұрақты серіктестік орнатылып, жастардың отбасылық жауапкершілік деңгейі артты, психологиялық және құқықтық сауаттылық күшейді. Қатысушылардың саналы некеге көзқарасы қалыптасып, қоғамда отбасылық тұрақтылық пен өзара сыйластық мәдениетін нығайтуға нақты үлес қосылды.<br>Жобаның ұзақ мерзімді нәтижесі – отбасылық құндылықтарға деген оң қоғамдық көзқарас пен жауапкершілік мәдениетінің қалыптасуы. «Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» жобасы өңірдегі жастармен әлеуметтік жұмыстың тиімді моделіне айналып, қоғамда салауатты, мейірімді және тұрақты отбасылық қатынастарды дамытуға елеулі ықпал етті. |

| Міндет | Міндет шеңберіндегі іс-шаралар | Өткізілу күні | Өткізілу орны | Қатысушылардың саны | (Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер | Сандық және сапалық көрсеткіштер | Индикаторлар | | Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | жоспар | факт | |
| **1 міндет. «Саналы отбасы – берік қоғам» атты семинарлар топтамасы** | **1 іс-шара**<br>«Саналы отбасы – берік қоғам» атты «Берік отбасы – бақыттың кепілі» тақырыбында офлайн семинарлар топтамасын жастардың **(әсіресе колледж студенттерінің)** арасында отбасын құруға саналы көзқарас қалыптастыру, ата-ана жауапкершілігін түсіндіру, ұлттық отбасылық дәстүрлерді насихаттау, ажырасу мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың | Семинарлар **2025 жылғы 10 қыркүйек пен 8 қазан аралығында** өтті. | **Семинарлар Тараз қаласындағы келесі оқу орындарында өтті:**<br>Тараз сервис және технология колледжі<br>«Білім» кәсіби гуманитарлық-техникалық колледжі<br>Жамбыл политехникалық жоғары колледжі<br>«Астана» көпсалалы колледжі<br>Тараз мамандандырылған колледжі<br>Жамбыл инновациялық көпсалалы колледжі | Барлығы **594 қатысушы** қамтылды. Қатысушылардың басым бөлігі – **колледж және жоғары оқу орындарының студенттері**, жас отбасылар мен жастар ұйымдарының өкілдері. | **Жастардың отбасылық құндылықтарға көзқарасы нығайды.** Қатысушылар арасында отбасы институтының маңызын түсіну, сыйластық пен өзара сенімнің рөлін бағалау деңгейі артты.<br>**Психологиялық және құқықтық сауаттылық күшейді.** Студенттер мен жас отбасылар психологиялық тұрақтылық, эмоцияны басқару, неке мен ажырасу кезіндегі құқықтық нормалар туралы нақты білім алды.<br>**Жастардың жауапкершілік мәдениеті артты.** Қатысушылар өз отбасына және болашақ өмірлік серіктестігіне саналы көзқараспен | Семинар бағдарламасы<br><br>Қатысушылар саны<br><br>Қатысушылар тізімі<br><br>Тартылған мамандар (психологтар, педагогтар, отбасы терапевттері мен қоғам белсенділерін қоса алғанда)<br><br>Тартылған мамандар түйіндемесі<br><br>Фото<br><br>Видео | 11<br><br>350<br><br>11<br><br>Тартылған маман санына байланысты<br><br>Тартылған маман санына байланысты<br><br>Әр семинардан кемінде 3<br><br>Әр семинардан кемінде 1 | 13<br><br>594<br><br>13<br><br>5<br><br>5<br><br>39<br><br>13 | **Жастар арасында отбасылық құндылықтарды сақтау мәдениеті қалыптасады.** Семинарларға қатысқан жастар болашақта өз отбасылық өмірінде сыйластық, сенім және жауапкершілік қағидаттарын басшылыққа алады. Бұл қоғамда берік неке институтының нығаюына ықпал етеді.<br><br>**Жас отбасылардың әлеуметтік және психологиялық тұрақтылығы артады.** Психологиялық сауаттылық пен өзара түсіністік дағдыларын меңгерген жастар отбасылық дағдарыстарды бейбіт жолмен шешуді |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | алдын алу мәселелеріне саналы көзқарас қалыптастыру мақсатында ұйымдастыру | | «Alem» кәсіби білім беру колледжі «Тараз Парасат» жоғары колледжі Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі Жамбыл жоғары медициналық колледжі | | қарау қажеттілігін түсінді. **Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша түсінік қалыптасты.** Семинарлар нәтижесінде қатысушылар зорлық-зомбылыққа жол бермеудің жеке және қоғамдық маңызын ұғынды. **Жастардың белсенді азаматтық ұстанымы дамыды.** Іс-шаралар барысында студенттер қоғамдағы отбасылық мәселелерге бей-жай қарамау және қолдау көрсету идеяларын қолдады. **Психологиялық көмекке жүгіну мәдениеті артты.** Қатысушылар отбасылық және жеке қиындықтар кезінде маман көмегіне жүгінудің маңызын түсінді. **Отбасылық мәдениетті нығайтуға бағытталған серіктестік байланыстар кеңейді.** Оқу орындары мен жастар ұйымдары арасында бірлескен жұмыс форматы жолға қойылды. | Әлеуметтік желілерде семинардан үзінділер мен ой-пікірлер<br><br>Әлеуметтік желілерде семинардан үзінділер мен ой-пікірлер арқылы ақпараттық қамту | Әр семинардан кемінде 1<br><br>1 000 адам | 13<br><br>1000 | үйреніп, ажырасу деңгейінің төмендеуіне үлес қосады.<br><br>**Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәдениеті орнығады.** Алынған білім мен тәжірибе негізінде жастар зорлық-зомбылыққа төзбеушілік ұстанымын қалыптастырып, қоғамда бейбіт қарым-қатынас құндылығын насихаттайды.<br><br>**Жастардың азаматтық және әлеуметтік жауапкершілігі артады.** Қатысушылар отбасы институтының қоғамдағы рөлін түсініп, әлеуметтік бастамаларға белсенді араласатын, саналы әрі жауапты азамат ретінде қалыптасады.<br><br>**Психологиялық көмекке жүгіну мәдениеті тұрақтанады.** Жастар қиындықтарды дер кезінде мойындап, мамандардан кеңес алу тәжірибесін қолданады. Бұл қоғамда психологиялық |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | сауаттылықтың жалпы деңгейін арттырады.<br><br>**Оқу орындарында отбасылық тәрбие мен құндылықтар бағыты жүйелі түрде дамиды.**<br>Семинарларға қатысқан оқу орындары алдағы уақытта да жастармен тұрақты тәрбиелік кездесулер өткізіп, отбасы құндылықтарын насихаттауды жалғастырады.<br><br>**Қоғамда толерантты және үйлесімді отбасылық қатынастар қалыптасады.**<br>Семинарлар нәтижесінде жастардың бойында түсіністік, шыдамдылық және өзара қолдау қағидалары нығаяды, бұл өз кезегінде қоғамдағы әлеуметтік келісім мен тұрақтылыққа әсер етеді.<br><br>**Отбасылық дағдарыстарды алдын алу бойынша жергілікті тәжірибе күшейеді.**<br>«Отбасын қолдау орталығы», жастар ұйымдары және оқу |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | орындары арасындағы серіктестік ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа ұласып, бірлескен қолдау тетіктері жүйеленеді. |
| | **2 іс-шара** Жастардың жыныстық және репродуктивті денсаулығы бойынша ақпараттандыру | 2025 жылдың 3 қазаны | №2 қалалық емхана жанындағы «Жан-Нұр» жастар денсаулық орталығы | Барлығы **15 қатысушы** қамтылды. Басым бөлігі колледж студенттері | **Жастардың репродуктивті денсаулық туралы білімі артты.** Қатысушылар денсаулық сақтау, қауіпсіз мінез-құлық және алдын алу шаралары жөнінде нақты ақпарат алды.<br><br>**Жастардың өз денсаулығына деген жауапкершілік сезімі күшейді.** Кездесуден кейін қатысушылар салауатты өмір салты мен жеке гигиенаны сақтау маңызын түсінді.<br><br>**Жыныстық жолмен берілетін аурулар мен ерте жүктіліктің алдын алу мәдениеті қалыптаса бастады.** Қатысушыларға қауіпсіз қатынас және жауапты мінез-құлық туралы түсініктер берілді.<br><br>**Психологиялық тұрғыдан сау қарым-қатынас орнату қағидалары** | Репродуктивті денсаулық тақырыбында ашық сұхбаттар<br><br>Ерте жүктілік, бедеулік және жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алу бойынша дәрігерлер кеңесі<br><br>Кеңес алушылар журналы<br><br>Жыныстық және репродуктивті денсаулық туралы ақпараттық материалдар дайындау және тарату<br><br>Арнайы буклеттер мен инфографикалар дайындау және тарату<br><br>Әлеуметтік желілердегі медицина мамандарының | Кемінде 1<br><br>Кемінде 1<br><br>1<br><br>Кемінде 1<br><br>Кемінде 2<br><br>Кемінде 1 | 1<br><br>1<br><br>1 (5)<br><br>1<br><br>2<br><br>1 | **Жастар арасында репродуктивті денсаулық мәдениеті қалыптасады.** Қатысушылар алған білімдерін өмірде қолдану арқылы өз және болашақ отбасының денсаулығына жауапкершілікпен қарайды.<br><br>**Ерте жүктілік пен жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алу деңгейі жоғарылайды.** Ақпараттанған жастар қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын ұстанып, денсаулық тәуекелдерін азайтады.<br><br>**Психологиялық және эмоционалды сау қоғам қалыптасады.** Сау қарым-қатынас орнату, өзара түсіністік пен құрмет мәдениеті жастар ортасында тұрақты құндылыққа айналады.<br><br>**Жастардың салауатты өмір** |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **меңгерілді.**<br>Психолог кеңесі нәтижесінде жастар өзара сыйластық пен сенімге негізделген байланыс орнатудың маңызын түсінді.<br><br>**Жастардың еркін диалог жүргізу дағдысы дамыды.** Ашық форматтағы сұхбат барысында қатысушылар өз ойын еркін жеткізіп, практикалық сұрақтарға жауап алды. | түсіндіру видеолары | | | **салтын ұстануы артады.**<br>Кездесу нәтижесінде жастар темекі, ішімдік және зиянды әдеттерден бас тартуға бейімделеді.<br><br>**Жастар арасында медициналық және психологиялық көмекке жүгіну мәдениеті дамиды.** Қатысушылар денсаулық мәселесін дер кезінде шешудің маңызын түсініп, кәсіби кеңес алуға сеніммен қарай бастайды. |
| **2 міндет. «Қауіпсіз отбасы – бақытты болашақ» дәрістер топтамасы** | **1 іс-шара** «Қауіпсіз отбасы – бақытты болашақ» жас отбасылар арасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасындағы қарым-қатынасты сауатты түрде реттеу, психологиялық қауіпсіздік пен өзара түсіністік орнату мәселелеріне арналған офлайн дәрістер | 10 қыркүйек 2025 ж.<br><br>12 қыркүйек 2025 ж.<br><br>10 қазан 2025 ж. | Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті<br><br>Д.И.Менделеев атындағы РХТУ филиалы<br><br>Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті | Барлығы **139 қатысушы** қамтылды. | **Жастардың отбасылық және құқықтық сауаттылығы артты.** Қатысушылар неке және ажырасу тәртібі, алимент, мүліктік құқықтар, тұрмыстық зорлық-зомбылық салдары туралы нақты білім алды.<br><br>**Психологиялық тұрақтылық дағдылары дамыды.** Психологтардың жаттығулары арқылы жастар өзара түсіністік пен эмоциялық тепе-теңдікті сақтаудың маңызын түсінді. | Дәріс бағдарламасы<br><br>Қатысушылар саны<br><br>Қатысушылар тізімі<br><br>Психологтар мен заңгерлер түйіндемесі<br><br>Фото<br><br>Видео<br><br>Дәріс материалдары | 3<br><br>120<br><br>3<br><br>Тартылған маман санына байланысты<br><br>Әр дәрістен кемінде 3<br><br>Әр дәрістен кемінде 1<br><br>Кемінде 1 | 3<br><br>139<br><br>3<br><br>3<br><br>9<br><br>3<br><br>1/1 | **Жастар арасында зорлық-зомбылыққа жол бермеу мәдениеті қалыптасады.** Қатысушылар болашақта зорлық-зомбылықсыз, сыйластыққа негізделген отбасылық қатынастар орнатуға ұмтылады.<br><br>**Отбасылық тұрақтылық пен әлеуметтік жауапкершілік деңгейі артады.** Семинарлар нәтижесінде жастар отбасылық міндеттерін дұрыс түсініп, өмірлік |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | топтамасын өткізу | | | | **Отбасылық қатынастар мәдениетіне көзқарас жақсарды.** Қатысушылар өз отбасылық өмірінде сыйластық, шыдамдылық және сенім қағидаттарын ұстану қажеттігін атап өтті.<br><br>**Жастар мен мамандар арасында ашық диалог орнады.** Психологтар мен заңгерлерге еркін сұрақтар қойылды, өмірлік жағдайлар мысалында практикалық шешімдер талқыланды.<br><br>**Зорлық-зомбылыққа төзбеушілік ұстанымы күшейді.** Қатысушылар зорлық – жеке мәселе емес, қоғамдық жауапкершілік екенін ұғынды. | негізіндегі ақпараттық брошюралар мен бейнероликтер<br><br>Жоба серіктестерімен бірелсіп құрылған қолдау көрсету механизмдері<br><br>Психологтар мен тренерлердің қорытынды есептері | брошюра және 1 бейнеролик<br><br>Кемінде 1<br><br>Кемінде 1 (психолог тренер) | 1<br><br>1 | серіктестікті саналы таңдауға дағдыланады.<br><br>**Психологиялық сауатты және тұрақты жас буын қалыптасады.** Эмоцияны басқару, өзара түсіністік пен сенімге негізделген қарым-қатынас қоғамда орнығады.<br><br>**Құқықтық мәдениет нығаяды.** Заңгерлік кеңестер негізінде жастар өз құқықтары мен міндеттерін біле отырып, отбасындағы дауларды заң аясында шешуге бейімделеді.<br><br>**Оқу орындарында профилактикалық бағыттағы бағдарламалар жалғасады.** ЖОО және колледждер «Қауіпсіз отбасы» бағытын тәрбиелік жоспарға енгізіп, мамандармен тұрақты кездесу ұйымдастыруды дәстүрге айналдырады.<br><br>**Қоғамда толерантты және сенімді қарым-қатынас мәдениеті орнығады.** Бұл дәрістердің әсері жастар ортасында |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | бейбітшілік пен өзара құрмет құндылықтарын нығайтады. |
| | **2 іс-шара** «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» шарасы аясында қала тұрғындары көп шоғырланатын орындарда (орталық алаң, сауда орындары мен орталықтары, базар, саябақтар, аялдамалар) қазақ және орыс тілдерінде дайындалған 600 парақша тарату | 14.07.2025<br>18.07.2025 | Тараз қаласы | 600 адам | **Қала тұрғындарының тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы хабардарлығы артты.** Парақшалар арқылы тұрғындар зорлық-зомбылықтың түрлері, құқықтық жауапкершілік және көмек алу жолдары туралы нақты ақпарат алды.<br><br>**Құқықтық сауаттылық деңгейі күшейді.** Азаматтар өз құқықтары мен қорғау тетіктері туралы мәлімет алып, тиісті мекемелердің байланыс нөмірлерімен танысты.<br><br>**Қоғамда зорлық-зомбылыққа төзбеушілік ұстанымы нығайды.** «Зорлық – жеке мәселе емес, қоғамдық проблема» деген түсінік қалыптасты.<br><br>**Әлеуметтік белсенділік артты.** Қатысушылар мен еріктілер әлеуметтік желілерде ақпаратпен бөлісіп, қоғам назарын өзекті мәселеге аударды. | Үлестірме материал (Тапсырыс берушімен келісілген)<br><br>Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрлері, оның белгілері, көмек алу жолдары және сенім телефондары көрсетілген парақшалар<br><br>Ақпараттық материалдарды тарату арқылы кемінде қамтылатын адам саны | 1 фото<br><br>600 дана<br><br>Кемінде 1 000 | 1<br><br>600<br><br>1 000 | **Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа төзбеушілік мәдениеті қалыптасады.** Халық арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы белсенді ұстаным күшейеді.<br><br>**Құқықтық сауаттылық тұрақты деңгейде артады.** Азаматтар өз құқықтарын қорғау жолдарын біліп, тиісті органдарға жүгіну мәдениеті қалыптасады.<br><br>**Қоғамда өзара сыйластық пен қолдау мәдениеті нығаяды.** Отбасы ішіндегі қарым-қатынас пен қоғамдық көзқарас гуманистік құндылықтарға негізделеді.<br><br>**Ақпараттық материалдар тұрақты профилактикалық құрал ретінде қолданылады.** Парақшалар мен дайындалған контент білім беру және әлеуметтік мекемелерде |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Қолдау орталықтарының қызметі туралы ақпарат кеңінен таралды.** Парақшаларда көрсетілген психологиялық және құқықтық көмек орталықтарына жүгіну жолдары түсіндірілді. | | | | профилактика мақсатында пайдаланылатын болады.<br><br>**Әлеуметтік жауапкершілігі жоғары азаматтық қоғам қалыптасады.** Халықтың белсенді ұстанымы мен қоғамдық бей-жайлықтың азаюы зорлықтың алдын алу жүйесінің тиімділігін арттырады. |
| **3 міндет. «Жас отбасы мектебі» ақпараттық курсы.** | **1 іс-шара** Жоғары оқу орындарында оқитын жастарға арналған қатысушыларға отбасы құндылықтары, некені сақтау жолдары, сенім мен өзара түсіністікті нығайту, қиын жағдайларды бірге еңсеру сынды бағыттарда теориялықжәне практикалық білім беретін «Жас отбасы мектебі» ақпараттық курсын өткізу. Курс аясында кәсіби | 2025 жылғы 16 қыркүйек<br><br>2025 жылғы 17 қыркүйек<br><br>2025 жылғы 6 қазан | М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті | 179 адам | **Жастардың отбасылық және психологиялық сауаттылығы артты.** Қатысушылар отбасындағы өзара түсіністік, сенім мен сыйластық қағидаттарын меңгерді.<br><br>**Неке және отбасылық құқықтық қатынастар туралы білім күшейді.** Заңгерлік кеңестер арқылы жастар ажырасу, алимент, мүліктік құқықтар және зорлық-зомбылықтың алдын алу тетіктерін білді.<br><br>**Жауапкершілік пен өмірге саналы көзқарас қалыптасты.** Курс қатысушылары | Курс бағдарламасы<br><br>Қатысушылар саны<br><br>Қатысушылар тізімі<br><br>Тартылған психологтар мен әлеуметтік жұмысшылар<br><br>Тартылған психологтар мен әлеуметтік жұмысшылар түйіндемесі<br><br>Фото<br><br>Видео | 2<br><br>2 курста барлығы 150<br><br>2<br><br>Тартылған маман санына байланысты<br><br>Тартылған маман санына байланысты | 3<br><br>179<br><br>3<br><br>5<br><br>5 | **Саналы және жауапкершілікті жас отбасылар қалыптасады.** Қатысушылар болашақ өмірлік серіктестік пен отбасылық қатынастарды түсіністік пен сыйластыққа негіздейді.<br><br>**Психологиялық сауатты және әлеуметтік белсенді буын қалыптасады.** Эмоцияны басқару, өзара қолдау және қиындықтарды бірге еңсеру мәдениеті күшейеді.<br><br>**Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мәдениеті** |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | психологтар мен әлеуметтік жұмысшылармен тренингтер өткізу | | | | болашақ отбасылық өмірге дайындық пен серіктестікке жауапкершілікпен қараудың маңызын түсінді.<br><br>**Психологиялық тұрақтылық дағдылары дамыды.** Психологтар жүргізген жаттығулар арқылы жастар эмоцияны басқару, қиындықты бірге еңсеру және ішкі тепе-теңдікті сақтау тәсілдерін меңгерді.<br><br>**Жастар мен мамандар арасында сенімді байланыс орнады.** Ашық диалог форматы жастардың кәсіби көмекке жүгіну мәдениетін арттырды. | | Әр курстан кемінде 3<br><br>Әр курстан кемінде 1 | 9<br><br>3 | **орнығады.**<br>Жастар тұрмыстық зорлыққа жол бермеудің құқықтық және моральдық жауапкершілігін түсінеді.<br><br>**Құқықтық және әлеуметтік сауаттылық артады.** Заңгерлік білім негізінде қатысушылар отбасылық мәселелерді заң аясында шешуге бейімделеді.<br><br>**Оқу орындары мен жастар ұйымдары арасында жүйелі серіктестік қалыптасады.** Болашақта отбасылық құндылықтар мен психологиялық тұрақтылықты дәріптейтін тұрақты бағдарламалар ұйымдастырылмақ. |
| | **2 іс-шара** Жастармен ашық диалог форматында кездесулер ұйымдастыру: «Жас отбасының алғашқы қиындықтары» тақырыбында табысты отбасылармен сұхбаттар ұйымдастыру, | 2025 жылғы 8 қыркүйек | **Тараз сервис және технология колледжі** | 80 адам | **Жастардың отбасы құндылықтарына деген көзқарасы нығайды.** Қатысушылар өмірлік серіктестікті таңдаудағы жауапкершілік пен өзара түсіністіктің маңызын түсінді.<br><br>**Табысты отбасы үлгілерінен практикалық** | Кездесу бағдарламасы<br><br>Қатысушылар тізімі<br><br>Сұхбат<br><br>Тартылған мамандар | Кемінде 1<br><br>Кемінде 1<br><br>Кемінде 1<br><br>Тартылған маман санына байланысты<br><br>Тартылған маман санына | 1<br><br>1(80)<br><br>1<br><br>1<br><br>1 | **Саналы әрі жауапкершілікті отбасы институты қалыптасады.** Қатысушылар алған білім мен тәжірибені болашақ отбасылық өмірде қолдануға ұмтылады.<br>**Жастар арасында өзара сыйластық пен сенім мәдениеті нығаяды.** Болашақта жастардың |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | студенттерге өздерін мазалағансұрақтары бойынша кәсіби мамандардан жауап беру | | | | **мотивация алды.** Қонақтардың тәжірибесі арқылы студенттер нақты өмірлік мысалдарға сүйене отырып, қиындықтарды еңсеру жолдарын ұғынды.<br><br>**Жастар мен мамандар арасында еркін пікір алмасу қалыптасты.** Кездесу интерактивті форматта өтіп, қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарын ашық қойды.<br><br>**Саналы неке ұстанымының маңыздылығы артты.** Жастар отбасы құрудың тек сезім емес, өзара құрмет пен ортақ жауапкершілік екенін түсінді.<br><br>**Қатысушылардың өмірлік ұстанымы мен азаматтық жауапкершілігі күшейді.** Кездесуден кейін студенттер болашаққа саналы жоспар құрудың қажеттілігін атап өтті. | Тартылған мамандар түйіндемесі<br><br>Фото<br><br>Видео | байланысты<br><br>Кемінде 3<br><br>Кемінде 1 | <br><br>3<br><br>1 | отбасылық тұрақтылыққа ұмтылысы артады.<br>**Әлеуметтік және психологиялық қолдау мәдениеті дамиды.**<br>Жастар өмірлік қиындықтарда кәсіби кеңеске жүгінуді әдетке айналдырады.<br>**Қоғамда отбасы құндылықтарын дәріптеу үрдісі күшейеді.**<br>Мұндай кездесулердің нәтижесінде жастар арасында салауатты, үлгілі отбасылар қалыптасады.<br>**Жастар саясаты жүйесінде отбасы тәрбиесіне бағытталған жобалардың тиімділігі артады.** Мемлекеттік құрылымдар мен ҮЕҰ арасындағы серіктестік нәтижесінде тұрақты бағдарламалар жүзеге асырылады. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **3 іс-шара** Қаржылық сауаттылықты арттыру мақсатында «Отбасы банк» және қаржылық мамандармен бірлескен дәрістер ұйымдастыру | 2025 жылғы 22 қыркүйек | “Асар” ерекше қажеттілігі бар жандарды сауықтыру орталығы | 12 адам | **Жастардың қаржылық сауаттылығы артты.** Қатысушылар табысты жоспарлау, бюджет құру және қаражатты тиімді бөлу әдістерін үйренді.<br><br>**Экономикалық жауапкершілік пен жинақ мәдениеті қалыптасты.** Дәріс барысында жастар тұрақты өмір салтын ұстанудың маңызын ұғынды.<br><br>**Практикалық қаржылық жоспарлау дағдылары меңгерілді.** Сарапшылар нақты мысалдар мен есептеу әдістері арқылы жеке қаржыны басқарудың тиімді тәсілдерін көрсетті.<br><br>**Мамандармен ашық диалог орнады.** Қатысушылар өз жағдайларына сай кәсіби кеңес алып, сұрақтарына нақты жауап алды.<br><br>**Қаржы саласына қызығушылық артты.** Жастар болашақ инвестициялық шешімдер мен табысты жоспарлаудың жаңа | Дәріс бағдарламасы<br><br>Қатысушылар тізімі<br><br>Тартылған мамандар<br><br>Тартылған мамандар түйіндемесі<br><br>Фото<br><br>Видео | Кемінде 1<br><br>Кемінде 1<br><br>Тартылған маман санына байланысты<br><br>Тартылған маман санына байланысты<br><br>Кемінде 3<br><br>Кемінде 1 | 1<br><br>1(12)<br><br>1<br><br>1<br><br>3<br><br>1 | **Қаржылық тұрғыдан тұрақты және жауапты жас отбасылар қалыптасады.** Қатысушылар алған білімді өз өмірінде қолданып, қаржысын тиімді басқаруға бейімделеді.<br><br>**Экономикалық мәдениет пен жинақ дағдылары нығаяды.** Жастар ұзақ мерзімді жоспарлау мен қаржылық тұрақтылықтың маңызын түсінеді.<br><br>**Жас буынның инвестициялық ойлау қабілеті дамиды.** Қаржыны болашаққа бағыттау мәдениеті қалыптасады.<br><br>**Қоғамда экономикалық сауатты азаматтар үлесі артады.** Бұл отбасы институтының тұрақтылығына және әлеуметтік әл-ауқаттың артуына ықпал етеді.<br><br>**Жастардың өмірлік шешім қабылдау қабілеті күшейеді.** Саналы қаржылық таңдау жасау арқылы |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мүмкіндіктерімен танысты. | | | | жастар өз болашағына сеніммен қарайды. |
| | **3 іс-шара** Қаржылық тәуелсіздікке жету жолдары бойынша тренингтер ұйымдастыру | 2025 жылғы 28 тамыз | «Мөлдір бұлақ» оқу-сауықтыру орталығы | 50 адам | **Жастардың қаржылық сауаттылығы артты.** Қатысушылар жеке және отбасылық қаржыны жоспарлау, табыс пен шығынды теңгеру дағдыларын меңгерді.<br><br>**Пассивті табыс пен инвестиция негіздері бойынша білім қалыптасты.** Спикердің тәжірибелік мысалдары арқылы қатысушылар инвестициялаудың қарапайым қағидаларын түсінді.<br><br>**Қаржылық мақсат қою және жоспарлау дағдылары дамыды.** Қатысушылар өз қаржылық жағдайына талдау жасап, ұзақ мерзімді жоспар құруды үйренді.<br>**Жастардың қаржылық жауапкершілік деңгейі көтерілді.** Іс-шара нәтижесінде қатысушылар саналы түрде табыс табуға және үнемдеуге деген ынтасын арттырды. | Тренинг бағдарламасы<br><br>Қатысушылар тізімі<br><br>Тартылған мамандар<br><br>Тартылған мамандар түйіндемесі<br><br>Фото<br><br>Видео<br><br>Пре-пост тест | Кемінде 1<br><br>Кемінде 1<br><br>Тартылған маман санына байланысты<br><br>Тартылған маман санына байланысты<br><br>Кемінде 3<br><br>Кемінде 1<br><br>Қағаз тасығышта толтырылған пре және пост тесттердің кемінде 3% / 1 онлайн тесттің талдама анализі | 1<br><br>1(50)<br><br>1<br><br>1<br><br>3<br><br>1<br><br>15(қ.т) | **Қаржылық тұрғыдан тәуелсіз және жауапты буын қалыптасады.** Қатысушылар алған білімдерін өмірде қолданып, тұрақты табыс көзін құруға бейімделеді.<br><br>**Экономикалық мәдениет пен үнемшілдік мәдениеті дамиды.** Жастар қаржысын жоспарлау мен жинақтауды өмір салтына айналдырады.<br><br>**Жас отбасылардың қаржылық тұрақтылығы артады.** Алынған тәжірибе болашақ отбасы бюджетін дұрыс басқаруға ықпал етеді.<br><br>**Жастардың инвестициялық сауаттылығы қалыптасады.** Қатысушылар пассивті табыс көзін құру және инвестициялау мәдениетіне қадам жасайды.<br><br>**Қоғамда саналы және экономикалық** |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Өзін-өзі дамытуға деген мотивация күшейді.** Қаржылық дербестік пен тәуелсіздікке жетудің нақты жолдарын меңгеру жастардың сенімін арттырды. | | | | **тұрғыда белсенді азаматтар қалыптасады.** Бұл өз кезегінде өңірлік экономикалық белсенділікті және жастардың еңбек нарығындағы рөлін арттырады. |
